

## Көшелерге ат беру туралы

Оңтүстік Қазақстан облысы Арыс қалалық мәслихатының 2008 жылғы 4 сәуірдегі N 7/52-IV шешімі және Арыс қалалық әкімдігінің 2008 жылғы 4 сәуірдегі N 224 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысы Арыс қаласының Әділет Басқармасында 2008 жылғы 30 сәуірде N 14-2-56 тіркелді.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 6, 31 баптарының, "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 13 бабына, сәйкес Арыс қалалық мәслихаты **ШЕШТІ** және Арыс қаласы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТТІ**:

1. Арыс қаласындағы N 4 мөлтек ауданына қарасты:

1) Дзержинский көшесіне Ұлы Отан Соғысының ардагері Көпжан Дербисбековтың а т ы б е р і л с і н ;

2) Маяковский көшесіне Өскенбек Сарбасовтың аты берілсін.

2. Осы шешім және қаулы алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қалалық мәслихат сессия төрағасы: А. Мәжінбеков

Арыс қаласы әкімі: Ш. Сатымбеков

Қалалық мәслихат хатшысы: Ө. Керімқұлов